

## 5 жыл мерзімге жер учаскелеріне шектеулі пайдалану (қоғамдық сервитут) құқықты белгілеу туралы

Ақмола облысы Қосшы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 19 шілдедегі № 12-145 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 69-бабының 4-тармағына сәйкес, Қосшы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосшы қаласындағы қоғамдық мәдени-спорт орталығы объектісіне сыртқы инженерлік желілерін (су құбыры желісі) салу үшін мемлекеттік меншіктегі жерлерге "Қосшы қаласының құрлыс бөлімі" ММ-не жер схемасына сәйкес 5 жыл мерзімге жер учаскелеріне шектеулі пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

2. "Қосшы қаласының құрлыс бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Ә. Ибраеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Г.Қасенов